



## Алматы қаласының Бас жоспары туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 19 желтоқсан N 1330. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 3 мамырдағы № 349 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 03.05.2023 № 349 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңына сәйкес және Алматы қаласының кешенді дамуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Алматы қалалық мәслихаты мақұлдаған Алматы қаласының Бас жоспары бекітілсін.

2. "Алматы қаласының қала құрылысын дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 16 сәуірдегі N 343 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1992 ж., N 16, 253-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2002 жылғы 19 желтоқсандағы  
N 1330 қаулысымен бекітілген

## АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ БАС ЖОСПАРЫ

### 1. Бас жоспардың мақсаты

Алматы қаласының 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Бас жоспары тіршілік етудің қолайлы ортасын жасау мен қаланы тиянақты дамыту, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, табиғаты және мәдени мұраларды сақтау мақсатында Алматының қала құрылысын дамытуды жоспарлаудың негізгі құжаты болып табылады.

Бас жоспар Алматы қаласының "Алматы қаласының айрықша мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында қарастырылған функцияларды жүзеге асыруын және Алматы қаласы дамуының Алматы агломерациясымен өзара байланыстылығын ескеру арқылы әзірленді.

Бас жоспар қалалық инфрақұрылымды дамытудың перспективалы және бірінші кезекті бағдарламаларын әзірлеу мен жүзеге асыруға, табиғи кешен аумақтарын сақтауға және өркендетуге, тұрғын жайлар аумақтарын қайта жаңарту мен өндірістік аумақтарды қайта ұйымдастыруға, қоғамдық, іскерлік және мәдени орталықтарды, туризм және демалыс нысандарын дамытуға, қалалық ортаны кешенді көріктендіруге және эстетикалық жағынан ұйымдастыруға, Алматының әкімшілік аудандарының аумақтарын және оның басқа да аумақтық бірліктерін өркендетудің, қала құрылысы жоспарларын, қаланы жобалау мен салудың жобаларын әзірлеуге және іске асыруға арналған негіз болып табылады.

Алматы қаласын дамытудың бас жоспарының басты мақсаты - экологиялық жағынан қолайлы, қауіпсіз және әлеуметтік жағынан тиімді тіршілік ортасын жасауға бағытталған қала құрылысы шараларының кешенін жүргізу.

Бас жоспардың негізгі сәулет-қала құрылысы идеясы: Алматы қаласының " қала-бақ" ретіндегі бейнесін сақтау мен қалыптастыруға саяды.

## **2. Әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері**

### Демография

2020 жылға дейінгі перспективада демографиялық процестердің серпіні дәстүрлі, ертеден қалыптасқан қоғамдық даму факторларының және қоғам өміріндегі үдей түскен әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, демек жаңарулардың барысында қалыптасатын жаңа факторлардың бүкіл жиынтығының өзара үйлесімімен анықталады.

Алматы қаласын демографиялық дамытудың сипаты халықтың табиғи және көші-қон қозғалысы ретінде анықталады, олардың ауқымы және бағыт-бағдары әлеуметтік-экономикалық қайта жаңарулардың нәтижелеріне:

қаланың экономикалық әлеуетінің дамуына;

тұрғын үй рыногының дамуына;

жұмыспен қамтылуға және еңбекке ақы төлеу деңгейіне;

мемлекеттік және жергілікті әлеуметтік саясатқа және басқа факторларға тәуелді болады.

Халықтың перспективалы саны болжамдарының нұсқалары бала туудың 1000 адамға шаққанда кезең-кезеңімен 11,5 баладан 7,8 балаға дейін кемуі және 15,2 балаға дейін өсуі, 1000 тұрғынға шаққанда өлім-жітімнің 11,8 адамның 12,4 адамға дейін өсуі мен 8,2 адамға дейін азаюы, халықтың өмір ұзақтығының артуы мен көші-қон өсімі болжамдарын ескеру арқылы есептелді. Көші-қонның оң сальдосына 1998-2000 жылдарда қол жетті және болжамды кезеңнің соңына дейін осылай болады деп қарастырылады.

Алматы халқының 2020 жылға дейінгі кезеңдегі болжамды саны Алматыдағы , Алматы аймағындағы және тұтасынан Қазақстан Республикасы бойынша тиянақты да үдемелі демографиялық үрдістермен анықталады. Алматының тұрақты өз тұрғындарын және уақытша тұрғындарын қамтитын Алматы халқының жиынтық саны болжамдары аса тиянақты болып табылады. Болжамның аса ықтималды нұсқалары бойынша Алматы халқының перспективалы жиынтық саны 1500 мың адамды, соның ішінде тұрақты тұрғындар - 1300 мың адамды, уақытша тұрушылар - 200 мың адамды құрай алады.

Халықтың жұмыспен қамтылу құрылымының есепті көрсеткіштері 2020 жылға қарай тұрғындардың қаланы қалыптастырушы топтарының 189,5 мың адамнан 327,6 мың адамға және қызмет көрсетуші топтардың - негізінен экономиканың салдары бойынша жұмыс істейтін адамдардың жалпы санында 354,1 мың адамнан 390,0 мың адамға дейін өсуін қарастырады.

Қаланың әлеуметтік және қала құрылысы дамуының негізгі мақсаты - бұл әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және осы қаралып отырған аумақта тұрғындардың өмір сүруінің жоғары орта деңгейін қалыптастыру.

Алматының қала құрылысы дамуының негізгі бағыттарының тиімділігінің экономикалық көрсеткіштері 2000 жылмен салыстырғанда 2020 жылға қарай:

жалпы аймақтық өнім өндіру көлемінің 3 есе;

күрделі қаржылар көлемінің салыстырмалы бағалармен 2,5 есе;

жан басына шаққанда кірістің 2 еседен астам көбеюі.

Тұрғын үй-азаматтық құрылыс

Тұрғын жайлар ортасын кешенді қалыптастырудың негізгі бағыттары қаланың бүкіл тұрғын жай қорын 27,5 миллион м<sup>2</sup> көбейту арқылы баспанамен қамтамасыз етуді орта есеппен 1 адамға шаққанда 22 м<sup>2</sup> жеткізуді қарастырады. Құрылыс 1,1 мың га (жалпы алаңы 2,42 миллион м<sup>2</sup>) бос аумақтарда, сондай-ақ ескі үйлерді бұзып алу есебінен қайта жаңартылатын және бұрыннан бар құрылыстар арасында үйлер тұрғызылатын 1,8 мың га (жалпы алаңы 5,27 миллион м<sup>2</sup>) аумақтарда жүзеге асырылатын болады. Жеке тұрғын үй құрылысының үлесі бүкіл осы кезең ішінде тұрғын үй құрылысының жалпы көлемінің 37% құрайды.

Алматының тұрғын үйлер аумақтарын қайта жаңарту мен дамытудың басым бағдарламалары мыналар:

аумақтардың пайдаланылуының жоғары интенсивтілігіне қоса қаланың құрылымдық бөліктеріндегі тығыз салынбаған бұрынғы үйлер (магистральдар бойындағы аумақтар, нақ орталық, қалалық тораптар және т.б.) аймақтарын қайта жаңарту, ол жалпы алаңы 0,2 миллион м<sup>2</sup> бір қабатты құрылыстарды

бұзуды және оның өтемі ретінде осы аумақтарда жалпы алаңы 1,47 миллион м<sup>2</sup> көп қабатты құрылыстарды жаңадан салуды қамтиды;

құрылысы аяқталмаған нысандарды салып бітіру және бұрыннан қалыптасқан құрылыстар шегінде қалалық бос аумақтарда тұрғын үйлер кешендерін қалыптастыру, сөйтіп 4,2 миллион м<sup>2</sup>, соның ішінде өндірістік мақсаттағы аумақтарды қайта ұйымдастыруды ыңғайластыру және бұрыннан бар және қоғамдық үйлер арасында құрылыс салу есебінен 0,7 миллион м<sup>2</sup> үй қорын іске қосу;

табиғи-ландшафты сұлбалар мен халық қоныстандырылған аумақтардың түйіскен аймақтарында көлемі 1,02 миллион м<sup>2</sup> тұрғын қорына дейін қалалық және коттедждік үлгідегі шағын қабатты тұрғын үйлер салу кешенін қалыптастыру;

тарихи-мәдени тұрғыдан бағалы, ХІХ ғасырдың және ХХ ғасырдың басындағы, ХХ ғасырдың 20-50 жылдарындағы қала құрылысының үлгілері болып табылатын тұрғын үй орамдарын және кешендерін жаңғырту, қайта жаңарту және көріктендіру; Алматының дәл орталығындағы тұрғын үй аумақтарын сақтау, үйлер ортасын оңалту мен қалыптастыру;

60-80 жылдары және кейінгі кездерде жаппай құрылыс салынған аудандардың ықшам аудандарын кезең-кезеңімен жаңарту, ол қайта жаңартылатын тұрғын үй қорын күрделі жөндеуді, қайта жоспарлауды, үйлерді биіктетуді, ескірген үй қорларын бұзуды және көркейтілу кешеніне 1,15 миллион м<sup>2</sup> ескі үйлерді бұзуды және жаңадан кешенді жайластырылған 1,41 миллион м<sup>2</sup> жалпы алаң көлемінде жайлы, сейсмикалық жағынан орнықты, биік (12-16 қабатты) үйлер салуды, сәулеттік-кеңістіктік аяқтауды және қоғамдық аймақтар мен осы аймақтың орталықтары жүйесін қалыптастыруды қамтиды.

Қаланың муниципальдық тұрғын үй қоры қалыптасып жатқан тұрғын үй рыногының маңызды бөліктерінің біріне айналады. Халықтың әлеуметтік жағынан қорғалатын және оларға теңестірілген жіктері үшін муниципальдық үй-жайлар салу, экономикалық тұрғыдан дамыған елдердің тәжірибесі бойынша, құрылыстың жалпы көлемінің 20-25 пайызын құрауы тиіс. Бұлар - ең арзан және жаппай таралған технологияны қолдану арқылы салынған, заңнамамен кепілдік жасалған тұрғын жаймен қамтамасыз етілу деңгейіне бағдарланған пәтерлер болатын көп қабатты үйлер.

Жаңа муниципальдық тұрғын үй құрылысының көлемі 2020 жылға дейін салу көзделген пайдалануға берілетін баспаналардың жалпы көлемінің шамамен 1,9 миллион м<sup>2</sup> немесе жылына орта есеппен 90 мың м<sup>2</sup> құрайды.

Бас жоспарда жаңа әлеуметтік-экономикалық және қала жағдайларын ескеру арқылы 2020 жылға қарай қызмет көрсетудің әлеуметтік-кепілді минимумында мекемелермен қамтамасыз етілу және қалалық маңызы бар нысандарды дамытудың нормативті көрсеткіштеріне жетуіне бағытталған әлеуметтік саланы дамыту қарастырылады. Сонымен бірге әлеуметтік салада жаңа құрылыс салу мен қызмет көрсету нысандарын қайта ыңғайластыру есебінен жалпы алаңы 4,77 миллион м<sup>2</sup> іске қосу, қаланың қызмет көрсету қорының ауқымын 7,97 миллион м<sup>2</sup> жалпы алаңға жеткізу қарастырылуда.

#### Экономикалық қызмет

Алматы қаласы аумағында экономикалық қызметтің салааралық құрылымын қайта ұйымдастыру, соның ішінде ғылымның, білімнің, мәдениеттің және жоғары технологиялы өнеркәсіптің рөлін сақтау, өндірістік, іскерлік және әлеуметтік инфрақұрылымдарды, қызмет көрсететін салаларды, туризмді және рекреацияны дамытуды ынталандыру, экологиялық жағынан қауіпті және ресурстарды көп қажет ететін өндірістерді тарату, қайта ұйымдастыру ұсынылады.

Материалдық өндіріс салаларын құрылымсыздандыруды ғылымды қажетсінетін және ресурстар үнемдейтін технологиялардың пайдасына жүзеге асыру ұсынылады.

Алматы қаласының республикалық маңызы бар қала мәртебесін сақтау болжамында және ғылыми-техникалық, білім, мәдени, әлеуметтік, өндірістік және инфрақұрылымдық әлеуеттерді, республикалық және халықаралық маңызы бар рыноктық инфрақұрылымдар институттары тораптарын үдемелі дамыту көзделуде.

Экономиканың мемлекеттік және жеке секторларын одан әрі тиімді үйлестіру және олардың өзара іс-әрекеті жоспарлануда.

Бас жоспарда өндірістік аумақтарды қайта ұйымдастыру ұсынылады, мұның өзі қаланың даму мүддесі үшін олардың экологиялық қауіпсіздігін арттыру мен осы аумақтардың қала құрылысы әлеуетін аса тиімді пайдалану мақсатын көздейді.

#### Қаланың рекреациялық инфрақұрылымы

Туризм қаласының экономикалық қызметінің жаңа саласына қызмет көрсетуге арналған рекреациялық инфрақұрылымды дамытудың кешенді қалалық бағдарламасының Алматының тарихи-мәдени мұралары және бірегей табиғи көріністері әлеуетін пайдаланушы және тарихи мұра мен табиғат әлеуетін сақтаудың, жаңғыртудың және қалпына келтірудің қаржы проблемаларын түбегейлі шешуге қабілетті қала экономикасының жаңа тиімді секторын құру мақсаты бар.

Бағдарлама жыл сайынғы туристер легін 253,5 мың адамға, соның ішінде отандық туристерді - 138,5 мың адамға және шет елдік туристерді - 115 мың адамға көбейтуді қарастырады, сөйтіп туристік мекемелерге деген жиынтық орынның қажетті мөлшері 24,6 мың орын, олардан отандық ұйымдасқан туризмнің 14,71 мың орны және шетелдік туризм лектерінің 9,9 мың орны болуын, туристік тұрғыдан көрсетілетін аймақтар мен нысандарды жайластыруды, туризмнің кешенді инфрақұрылымын жасауды көздейді, мұның өзі мыналарды қарастырады:

"Ұлы Жібек жолының" Қазақстан Республикасының аумағы және Алматы аймағы бөлігінде туризмнің тораптық кешенді жүйесі ретінде Алматы қаласының туристік кешенін дамыту; Ұлы Жібек жолының Алматы мемориалдық аймағының туристік мекемелерінің көлемін 25 мың орынға дейін, соның ішінде қаланың қонақ үйлері тораптарын 5,8 мың орыннан 7,8 мың орынға дейін жеткізу белгіленуде;

туристерге көрсетілетін және олар апарылатын нысандардың осындай аймақтары шегінде шоғырланған жүргіншілер маршруттарын біріктіретін қаланың туристік аймақтарының біртұтас жүйесін қалыптастыру, туристік мекемелерді туристер орналастырылатын, оларға қызмет көрсететін орындармен камтамасыз ету, туристік аймақтарды көліктік маршруттар жүйесімен біріктіру;

туристік көрсетуге және болуға арналған нысандарды дамыту, соның ішінде демалу және көңіл көтеру нысандарының, спорттық-ойын-сауық және сауықтыру кешендерінің адамдарды қабылдау қабілетін ұлғайту, халықаралық туристік орталықты, конгрестер, көрмелер, жәрменкелер орталықтарын салу;

қонақ үй тораптарын, сауда-тұрмыстық және ақпараттық қызмет көрсету нысандарының тораптарын, туристік бюролар мен көлік агенттіктерін дамыту;

әуежайда, темір жол вокзалдарында туристерге көлік пен қызмет көрсету жүйесін, арнаулы көліктермен қызмет көрсететін парктер мен кәсіпорындарды және автомобильдерді жалға беруді дамыту, туристік аймақтардағы автотұрақтардың көлемін ұлғайту.

### **3. Алматының қала құрылысын дамытудың мақсаттары**

Алматының қала құрылысын дамытудың басты мақсаты - қаланы тиянақты дамыту және алматылықтардың қазіргі және болашақ ұрпақтары үшін тіршілік етудің қолайлы ортасын қалыптастыру. Осы мақсаттарға қол жеткізу мыналарды сипаттайды:

тіршілік етудің экологиялық қауіпсіздігі және табиғи кешеннің тұрақтылығы; Қазақстан Республикасының жасыл желекті бақ-қаласын - үлкен және көрікті қаласын қалыптастыру;

қала құрылысы шешімдерінің мәдени сабақтастығы; кеңістіктік бірлік, эстетикалық айқындылық, қаланың үйлесімділігі мен ортаға

тән әртүрлілігі;

көлік және инженерлік инфрақұрылымдардың сенімділігі және қауіпсіздігі;

тұрғын үй проблемасын шешудің кешенділігі, тұрғын үйлер аумақтарын қайта жаңарту мен өркендету және тұрғын үйлер ортасын қалыптастыру;

өндірістік аумақтарды пайдаланудың тиімділігі;

қоғамдық орталықтар жүйесінің дамытылуы және қол жетімділігі.

Аталған мақсаттарға қол жеткізу Алматы аумағын қайта ұйымдастыру мен көріктендіру, салынған құрылыстарды қайта жаңарту, тіршілік ететін ортаның сапалық сипаттамаларын арттыру жолымен жүзеге асырылуға тиіс.

Экологиялық талаптар

Алматының қала құрылысын дамытуға қойылатын экологиялық талаптарға мыналар жатады:

ұдайы экологиялық жайсыздық аймақтарында, ең алдымен қаланың орталық бөлігінде, оңтүстік-шығыс, шығыс және оңтүстік секторларында тіршілік ету ортасын түбегейлі сауықтыру;

табиғи кешеннің қазіргі аумақтарын қолайсыз антропогендік әсерлерден қорғау, шаруашылық қызметін жүргізудің салдарынан айналымнан шығып қалған шағын өзендердің арналарын оңалту мен қалпына келтіру, сондай-ақ резервтік аумақтарда жаңа жасыл желекті алқаптарды қалыптастыру шараларын жүзеге асыру;

тіршілік ету ортасының жайлылығын, соның ішінде аумақты көгалдандыру, қаланың тұрғын үйлер және қоғамдық үйлер аймақтарындағы мезоклиматтық, микроклиматтық жағдайларды жақсарту жолымен арттыру.

Алматының қала құрылысын дамытуға арналған экологиялық талаптарды орындаудың қажетті шарттары:

тұрғындардың денсаулығына қауіп туғызатын экологиялық қатерлі аймақтарды жою;

күшті техногендік жүктемеге ұшырайтын аумақтарды (рұқсатсыз қоқыс үйінділері төгілген аумақтарды, үлкен жолдардың бойындағы газды, шулы аймақтарды және т.б.) санациялау, оңалту, қайта ұйымдастыру шараларын жүзеге асыру;

экологиялық қауіптілігі басым көздер болып табылатын өндіріс орындарын тарату;

экологиялық таза, қалдықтары аз және қалдықсыз технологияларды, өндірістердің ағынсыз циклын енгізу, өнеркәсіп, энергетика, қала шаруашылығы нысандарын газды, суды тазарту және шаңсорғыш жабдықтарымен қамтамасыз етуді 100 пайызға жеткізу;

сұйылтылған және қысылған газбен жұмыс істейтін автомобильдер санын көбейту есебінен мотор отынының түрлерін пайдалану құрылымын өзгерту;  
ауыз судың сапасы, өндірістік және коммуналдық сарқынды суларды, жердің үстіңгі қабаттарындағы суларды тазарту стандарттарын сақтауды қамтамасыз ету ;

толассыз қозғалысқа арналған автомагистральдар салу;

жүк көліктері мен аралас көліктердің қозғалысы басым болатын айналма автомагистральдар салу;

өндірістік, тұрмыстық қатты қалдықтарды толығынан қайта ұқсату мен залалсыздандыру.

Аумақты қорғау мен қаланың тиянақты дамуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар

Аумақты пайдалану сипатына қарай қала құрылысын дамытуды анықтау, атқарымды ұйымдастыру мен саралау барысында, "Сейсмикалық ықшам аудандастыруды ескеру арқылы, Алматы қаласы мен оған іргелес аумақтарда құрылыс салудың ҚР Б 2.2-795 ҚН және "Сейсмикалы аудандардағы құрылыс" В 1.2-4-98 ҚНжЕ нормативті талаптары негіз ретінде қабылданды.

Алматы қаласының тиянақты атқарымдылығын арттыру және оның халқын табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар ықпалынан қорғау мақсатында жобада мынадай қала құрылысы шаралары қарастырылуда:

қала аумағын мейлінше дәлме-дәлдікте атқарымдық аймақтарға бөлу;

Алматы-1 және Алматы-2 стансаларының темір жол желілері бойында өндірістік аймақтарды қалыптастыру; Рысқұлов, Сүйімбай және Райымбек даңғылдары бойында көліктік-өндірістік аймақтарды қалыптастыру;

ірі қоймалық терминалдар мен материалдық-техникалық жабдықтау базаларын халық қоныстанған аймақтардан шығару және Ақсеңгір ЖЭО-2-нің темір жол тармағы бойына орналастыру;

халық қоныстанған аймақтарды ені 150-300 метрлік саялы екпелер тілкемдері болатын жоспарлау аудандарына бөлу және өзендердің жағасын қорғау тілкемдерін көгалдандыру, олар төтенше жағдайлар туындаған кезде халықты көшіру үшін пайдаланыла алады;

көше-жол тораптарын одан әрі дамыта беру мен оның негізінде тиянақты атқарымдық жалпы қалалық торапты жасау.

Тарихи-мәдени мұраларды сақтау мен қалпына келтіру талаптары

Алматының қала құрылысын дамытудың негізгі бағыттары қаладағы тарихи-мәдени мұраларды сақтау мен қалуына келтірудің мынадай талаптарын орындауды қамтамасыз етуге тиіс:



қаланың бүкіл тарихи табиғи-ландшафттық, жоспарлау, композициялық, археологиялық және орта негіздерін, жер бедерінің, қалалық және табиғи ландшафттың тарихи келбетін, көшелердің, аландардың, орамдардың тарихи тораптарын, қала салу ансамбльдерінің тарихи жүйесін, қалалық кеңістікті сырттай қабылдаудың басты идеяларын, түйіндерін және танымдық аймақтарын, мәдениеттің жылжымайтын ескерткіштерін, үйлер салудың және көріктендірудің тарихи сипатын қоса алғанда, қала құрылысы және сәулет құралдары арқылы сақтауды, анықтауды және баса көңіл бөлуді қамтамасыз ету;

тарихи ерекшеліктерін неғұрлым толық сақтаған орамдарға және көшелерге " қорық аумақтары" мәртебесін беру;

жылжымайтын мәдениет ескерткіштерінің аумақтары және оларды қорғау аймақтары үшін олардың шекараларын және аталған аумақтар мен аймақтар шегінде қала құрылысы қызметін реттейтін режимдерді анықтайтын құқықтық регламенттерді белгілеу және оның талаптарын сақтау;

тарихи-табиғи ландшафттарды қорғау аймақтары үшін аталған аймақтар шекарасын анықтайтын құқықтық қала құрылысы регламенттері мен мұндай ландшафттарды қорғауды және шолғындық тамашалаудың оңтайлы жағдайларын қамтамасыз ететін осы шекаралар шегінде қала құрылысын реттеу режимдерін белгілеу мен сақтау;

жылжымайтын мәдениет ескерткіштерін жаңғырту мен қалпына келтіру, жылжымайтын мәдениет ескерткіштерін анықтау, есепке алу, төлқұжаттандыру жөніндегі жұмыс көлемін ұлғайту.

Табиғи кешен аумақтарын сақтау мен дамытудың негізгі бағыттары

Алматының табиғи кешені табиғат қорғау, рекреациялық, сауықтыру және ландшафтты қалыптастыру функцияларын басым атқаратын, қаланың табиғи-ландшафттық келбетін қалыптастыратын өсімдік және (немесе) су нысандары басым аумақтардың жиынтығын бейнелейді. Табиғи кешен аумақтарына мыналар жатады: табиғи аумақтар - орманды және орман-саябақтық алқаптар (Баум бағы), өзендер мен жылғалардың құрылыс салынбаған табиғи алқаптары; көгалдандырылған аумақтар - саябақтар, бақтар, бульварлар және гүлзарлар, бақ-саябақ өнерінің және ландшафттық сәулеттің ескерткіштері, сондай-ақ тұрғын үйлер орналасқан, қоғамдық өндірістік және коммуналдық мақсаттағы нысандардың көгалдандырылған аумақтары; резервтік аумақтар - бүлінген табиғи аумақтарды қалпына келтіру, жаңа көгалдандырылған аумақтарды ұйымдастыру үшін резервте қалдырылған аумақтар.

Табиғи кешен аумақтарын сақтау мен дамытудың негізгі бағыттары:

Алматы қаласының, қала іргесіндегі аймақтың және Алматы агломерациясының табиғи кешенінің тұтастығын сақтауды;

әртүрлі иерархиялық деңгейдегі рекреациялық аймақтарды қалыптастыруды; табиғи кешеннің нақты аумақтарын жобалауды және күтіп-ұстауды экологияландыруды;

табиғи кешен аумақтары алаңдары көлемін 4 мың гектардан 14,2 мың гектарға дейін ұлғайтуды қарастырады.

Аумақты сәулеттік-жоспарлауды ұйымдастыру

Бас жоспарда қаланың ішкі аумақтарын интенсивті пайдалану арқылы қаланы одан әрі дамытуды қала шегі көлемінде жүзеге асыруды қарастырылады.

Қала бас жоспарлау осі бойындағы - батыс, шығыс, солтүстік және оңтүстік бағыттағы бос аумақтарды (тау беткейін-табиғи кешенді) игеру есебінен аумақтық дамытылады.

Бас жоспарда жаңа тұрғын үй құрылысын көп қабатты, сондай-ақ аз қабатты үйлер салу арқылы жүргізу көзделуде. Көп қабатты үйлер құрылысы қалыптасқан дәстүр бойынша батыс бағытта Райымбек даңғылы мен Төле би көшесі аралығындағы аумақтарда, Абай даңғылы бойындағы кең жазықта, оның үстіне қаланың оңтүстік бөлігіндегі "Самал" тұрғын үйлер алқабында, қаланың орталық бөлігін ішінара қайта ыңғайластыру есебінен жүргізіледі.

Қаланың негізгі магистральдарын қалыптастыру, түрлі деңгейде өтпезолдар, жолайрықтар салу, негізгі қала құрылысы тораптарын дамыту мақсатында магистральдарда: Сейфуллин, Достық, Райымбек, Абай, Төле би даңғылдары, Жансүгіров, Жандосов, Шемякин, Фурманов көшелері бойындағы, Солтүстік жартылай айналмадағы және т.б. шағын қабатты тұрғын үйлер қорын бұзу қарастырылуда.

Шағын қабатты үйлер құрылысы солтүстік-батыс бағытта - Рысқұлов даңғылының солтүстігінде, Қарғалы және Боралдай өзендерінің аралығындағы аумақтарда, шығыста - Шемякин көшесі және Кіші Алматы өзенінің арасында, "ҚазПАС" тоғанының солтүстігіне қарай, солтүстікте - Первомайка мұнай базасы төңірегінде, сондай-ақ қоныстық аз қабатты үйлер салынып жатқан аудандарда дамытылады, соңғысында басталған құрылыстарды аяқтау қажет.

Қаланың перспективалық жоспарлау құрылымын қалыптастырудың негізі - табиғи-экологиялық және көлік сұлбасын қалыптастыру болып табылады. Меридиональдық бағытта қала арқылы ағып өтетін тау өзендері, саябақтар, гүлзарлар, бульварлар және қаланың "сүзгісі" болып табылатын басқа да көгалдандырылған аумақтар табиғи-экологиялық негізгі сұлбаны қалыптастырады.

Сыртқы ортаны оның қаладағы бөліктерімен жалғастыратын негізгі табиғи шептердің (Ақсай, Есентай, Қарғалы, Үлкен және Кіші Алматы өзендері және т.б.) бойында көгалдандырылған кең алқаптар жасалады.

Тұтасынан экологиялық сұлбаның құрылымы - таулы-қырайық және жазықтық ауа тасқындарын жіберуге арналған, бірін-бірі қиып өтетін, меридиональдық және кеңістіктік бағытта жасыл желекті дәліздер өзара түйісетін ірі ұялы торды аңғартады.

Аллеялар, бульварлар, кеңістіктік бағыттағы демалыс аймақтары жүйесі жазық жердегі желдердің өтуіне арналған дәліз функциясын өзіне алады, ҰАК бойындағы рекреациялық аймақ оның басты буыны болып табылады.

Қаланың урбанизациялық негізгі сұлбасының келесі бөлігі - көліктік магистральдар жүйесі. Бас жоспар бұрыннан бар жолдарға қосымша жаңадан меридиональды және кең магистральдарды, айналма автомобиль жолдарын, көлік құралдарына сервистік қызмет көрсету тораптарын жасау, көлік жолайрықтарын, өтпешолдарын, эстакадаларын және т.б. салу жолымен қаланың көлік құрылымын дамыту мен жетілдіре беруді қарастырады.

Көше-жол торабын дамытудың негізіне жылдам жүруге арналған қалалық жолдардың және қалалық маңызы бар магистральдардың біртұтас жүйесін жасау алынған, демек соңғылары толассыз және реттемелі көлік қозғалысына арналған магистральдарға айналдырылады.

Көліктің транзиттік легін қалалық орталықтан шеттету үшін Бас жоспарда қаланың негізгі бөлігін және орталық бөлігін орай өтетін толассыз қозғалыстың айналма жүйесі қарастырылған.

Қаланы шығысында - Талғар трактісімен бастап батысында - Жандосов көшесіне дейін жартылай шеңбер түрінде орай өтетін Үлкен Алматы айналма автожолы (ҰАААЖ) қалалық аумақтарды сыртқы транзиттік көлік легінен оқшаулауды қамтамасыз етеді.

Бас жоспарда қаланың атмосфералық жайын жақсарту мақсатында көше-жол тораптарын жетілдіру, метрополитенді іске қосу, электр көлігінің үлесін ұлғайту, автосервис тораптарын дамыту және т.б. ұсынылады.

Қаланың одан әрі өсуі жалпы қалалық орталықтың тармақталған жүйелерін көбейтумен сүйемелденеді. Бас жоспарда қаланың өсуінің негізгі бағыттары бойынша ірі көлік тораптарында қаланың бас орталығының қосымша орталықтарын ұйымдастыру қарастырылады.

Қаланың батыс бағытта дамытылуына байланысты Қарғалы өзені мен Абай даңғылының бойымен өтетін болашақ қалалық магистраль қиылысында жалпы қалалық орталықтың көп функциялы қосымша орталығы қалыптастырылуда. Алматы-І стансасының темір жол вокзалы жанындағы алаң қаланың қалыптасып жатқан солтүстік бағытындағы орталығы болып табылады.

Орталық ядроның үшінші қосымша орталығы қаланың шығыс бөлігінде - Құлжа және Талғар трактілерінің қиылысында "Көне Алматау" туристік кешені ретінде ұйымдастырылады.

Орталық ядрода тарихи қалыптасқан жобалау және сәулеттік-кеңістіктік құрылымды, құрылыс салудың тарихи үлгілерінің құрылымын сақтау мен дамыту, жүргіншілер аллеялары, бульварлары, алаңдары жүйелерін қалыптастыру, тарихи табиғи-ландшафттық негізгі сұлбаның жойылып кеткен бөліктерін қайтадан жасау көзделіп отыр.

Бас жоспарда тарихи және археологиялық ескерткіштер негізінде тарихи-мәдени қорды одан әрі сақтау жөніндегі шараларды жүзеге асыру, "Ұлттық-этнографиялық" (Боралдайдағы сақ қорғандары төңірегінде) және Ұлы Жібек жолының басты трассасында - Құлжа магистралы бойында "Көне Алматау" мәдени-танымдық орталықтарын құру ұсынылады.

Қоғамдық аумақтарды дамытудың негізгі бағыттары

Қызмет көрсету, мәдениет, демалыс, туризм, білім, әкімшілік және іскерлік салалардағы функциялар мен жұмыс орындарының негізгі бөлігін өзіне шоғырландырған қоғамдық аумақтар қала аумағының урбанизациялық сұлбасының атқарымдық және сәулеттік-кеңістіктік өзегін құрайды.

Қоғамдық аумақтарды дамытудың негізгі бағыттары: жалпы қалалық қоғамдық орталықтар аумақтарының біртұтас жүйесін дамытуды, ірі тұрғын үйлер алқаптарына қызмет көрсетудің шағын көп салалы орталықтары тораптарын дамытуды қарастырады.

Жалпы қалалық қоғамдық орталықтар аумақтарының біртұтас жүйесін дамыту:

осы жүйенің 1,15 мың гектардан 2,60 мың гектарға дейін аумақтық өсімін, қоғамдық құрылыстар қоры алаңдарының 2,5 есе - жалпы алаңның 3,21 миллион шаршы метрден 7,94 миллион шаршы метрге дейін ұлғайтылуын, соның ішінде әлеуметтік-кепілдік деңгейдің 2,7 есе - 1,53 миллион шаршы метрден 4,06 миллион шаршы метрге дейін және қалалық деңгейдің 2,3 есе - 1,68 миллион шаршы метрден 3,88 миллион шаршы метрге дейін өсуін;

өкімет билігі органдарының, өкілдіктердің, шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінің нысандарын орналастырудың арнаулы аймақтарын қалыптастыруды;

қаланың орталық аудандарының өкілдік, мәдени, демалыс функцияларын дамытуды;

қаланың орталық белдеуінде және орталық ядродан шеткері аймақтарда қоғамдық аумақтарды (орталықтарды, тораптарды, көп салалы аймақтарды) интенсивті дамыту, оларда іскерлік, әкімшілік және сауда салаларында жұмыс орындары мен көлік легі функцияларының негізгі бөлігін шоғырландыруды;

көлік тораптарымен және халық жиі болатын орталық белдеу мен шеткі аудандардың тарихи және табиғи саябақтары аумақтарымен қалыптасушы қаланың урбанизацияланған және тарихи сұлбаларының түйіспе аймақтарында

рекреациялық, спорттық, бос уақыттық және мәдени орталықтарды ұдайы дамытуды қарастырады.

Қаланың шеткі аудандарының тұрғындары үшін жайлылық, соның ішінде жүргіншілерге қолайлылық аясында көп сұранысты сауда мен бос уақытты өткізудің әлеуметтік инфрақұрылымының және бұқаралық кәсіптік жұмыс орындарының толық мәнді кешендерін жасау мақсатында осы аудандардың тұрғын үйлер алқаптарында жергілікті көп салалы орталықтар тораптарын дамыту қарастырылуда.

Алматы қаласының аумағын қала құрылысының аймақтарына бөлу

Алматы қаласын дамытудың Бас жоспарында аумақтарды қала құрылысының аймақтарына бөлу "Қала құрылысы" 2.0701-89 ҚұжЕ және ҚР-ның Б.1-7-97 ҚНЖЕ-ге сәйкес белгіленуде. Бас жоспарда қала құрылысының кадастрлық секторларының аумақтары деңгейінде атқарымдық пайдалануға (атқарымдық мақсатқа) арналған талаптар қойылады. Магистральды көшелердің қызыл сызықтарын ескеру арқылы, қаланың аумақтық бірліктерінің шекараларымен, табиғи кешен аумақтары шегімен және басқа да шекаралармен шектелген Алматы аумағының бір бөлігі - қала құрылысының кадастрлық секторы болып табылады. Алматының қалалық шегінің көлемінде қала құрылысының 400 кадастрлық секторы бар, олардың әрқайсысының орташа көлемі 60-75 гектардай құрайды.

Қала құрылысы кадастрлық секторының атқарымдық мақсаты - оның шекараларында тұрғын үй, қоғамдық, өндірістік, табиғи нысандар учаскелері алаңдарының рұқсат етілген өзара қатынасын белгілейді.

Қала құрылысы кадастрлық секторлары аумақтарының белгіленген атқарымды мақсаты Алматының қала құрылысы дамуының мақсаттарына, талаптарына, негізгі бағыттарына сәйкес қала құрылысы қызметін жүзеге асыру барысында қала аумақтарын пайдалануды қамтамасыз етудің заңды аспабы болып табылады.

Қала құрылысының кадастрлық секторлары аумақтарының белгіленген атқарымды мақсаты жергілікті органдар үшін қала құрылысы және жер учаскелерін пайдалану саласында шешімдер қабылдау барысында міндетті болып табылады. Қала құрылысының кадастрлық секторлары аумақтарының белгіленген атқарымды мақсатына қайшы келетін қала құрылысы қызметіне "Қала құрылысы" 2.07.01-89 ҚНЖЕ арқылы тыйым салынады.

Бас жоспардың аясында қала құрылысының кадастрлық секторлар аумақтарының атқарымды мақсаты Алматының аумақтарын атқарымды аймақтарға бөлудің Бас сұлбасы арқылы белгіленеді.

Атқарымды аймақтарға бөлудің Бас сұлбасы Алматының қала құрылысын дамытудың негізгі бағыттарында және Бірінші кезектегі қала құрылысы шараларының бағдарламасында қарастырылған қаланың аумақтарын пайдаланудағы өзгерістерді заңды түрде баянды етеді.

Бас сұлбалар аумақтарды атқарымды пайдалануды өзгертудің мынадай негізгі үрдістерін:

- өндірістік аумақтарды бір мезгілде қысқарту арқылы қаладағы табиғи мақсатқа арналған аумақтар және тұрғын үйлер аумақтары үлесінің көбейтілуін;
- қоғамдық мақсаттағы аумақтарды интенсивті түрде ұлғайтуды;
- арнаулы мақсаттарға арналған аумақтардың үлесін азайтуды және аралас атқарымды пайдалану аумақтары үлесім көбейтуді бейнелейді.

#### **4. Көлік инфрақұрылымын дамыту**

Қала атмосферасы ласталуының негізгі көзі - Көлік (барлық зиянды заттардың бүкіл тастамасының 80 пайызға жуығы). Сондықтан Бас жоспарда көше-жол тораптарын жетілдіру, метрополитенді іске қосу, электр көлігінің үлесін ұлғайту, көліктің жылжымалы құрамын жетілдіру, жанар май құю стансалары мен техникалық қызмет көрсету стансаларының тораптарын оңтайлы дамыту ұсынылады.

Алматы қаласының қоғамдық көлігінің негізгі түрлері:

- жылдам жүретін түрі - метрополитен;
- кәдуілгі түрі - автобус, троллейбус, трамвай, маршруттық таксилер.

Бас жоспарда Алматы қаласындағы метрополитеннің құрылысын аяқтау және оның 3 желісін кезең-кезеңімен пайдалануға беру ұсынылады.

Бірінші желі - Райымбек атындағы стансадан (Райымбек даңғылы мен Фурманов көшесінің солтүстік қиылысынан) басталып, Фурманов көшесінің астымен Абай даңғылына және Абай даңғылының астымен Саин көшесіне дейін созылады. Алғашқы желінің бірінші кезегі "Алатау" стансасында (Гагарин даңғылының шығыс жағында) аяқталады, ол осы желіден басқасына ауысып отыру стансасы болады. Бірінші желіде барлығы 10 стансаның болуы қарастырылған. Желінің жалпы ұзындығы - 13,3 км, бірінші кезегі - 8,5 км.

Екінші желі - Орталық демалыс саябағында "Горький саябағы" стансасынан, Жібек жолы көшесі астынан басталып, одан әрі Гоголь көшесіне ойысады да, Әуезов көшесіне бұрылады, сосын Абай даңғылының бойымен бірінші желіні қиып өтеді ("Алатау" стансасының ауысып отыру торабын ұйымдастыру үшін) және одан әрі желі Розыбакиев көшесі бойымен (батыс жағы) Торайғыров көшесіне дейін жетеді және Орбита стансасында аяқталады. Барлығы 9 станса болады. Біреуі - бірінші желіге ауысып отыру торабы. Желінің ұзындығы - 14 км.

Үшінші желі (бірінші желінің жалғасы болып табылады) - Райымбек атындағы стансадан басталып, солтүстіктегі Алматы-1 темір жол вокзалына дейін созылады. Ол Алматы-I және Алматы-II стансаларын жалғастыратын бұрыннан бар темір жол бойымен тартылады. Ішінара жер бетіндегі ұзындығы 3,5 км желісі жалғастырылады. Осы желінің жалпы ұзындығы - 8,5 км. Барлығы 4 станса болады.

Электрдепо екі алаңшада, біреуі - Алматы-II стансасының шығыс қылтасынан солтүстікке қарай, екіншісі - Саин және Торайғыров көшелері қиылысының батысына қарай орналастырылады.

Бас жоспарда көлік жүрісі толассыз, реттелетін, аудандық маңызы бар жаңа магистральдарды ұйымдастыруды және бұрыннан барын қайта ыңғайластыруды (жалпы ұзындығы 207 км), сондай-ақ көліктің жылдам жүрісінің үш негізгі айналма жолын жасауды қарастырады:

Үлкен айналма автожолы (ұзындығы 103 км):

- ҰАААЖ (Үлкен Алматы айналма автожолы) - шығысында Талғар трактісінен басталып, солтүстігінде - әуежайды, Энергетический, Ынтымақ, Ащыбұлақ кенттерін, батысында - 2-ЖЭО, Авангард кентін айналып, сыртқы Алматы-Ұзынағаш автомобиль жолының қиылысына дейін одан әрі Саин көшесі, әл-Фараби даңғылы бойынша өтеді, Оңтүстік-шығыс жартылай айналма жолы бойынша Талғар трактісіне дейін барады да тракті бойынша түйіскенше созылады.

Орташа айналма автожолы (ұзындығы 61 км):

Талғар трактісінен солтүстікке қарай әуежай автожолы бойымен Майлин көшесіне дейін, Бекмаханов көшесінің бойымен мұнай базасына, Боралдай тас жолына дейін, жолдың Тереңқара, Боралдай өзендерін бойлай қиып өтетін учаскесіне, Саин көшесі, Әл-Фараби даңғылының бойымен Оңтүстік-Шығыс жартылай айналмаға, Талғар трактісімен түйіскенге дейін созылады.

Кіші айналма автожолы (ұзындығы 32 км):

Талғар трактісінен Райымбек даңғылы, Бөкейханов, Мұқанов, Байзақов көшелерінің бойымен өтеді, жолдың жаңа учаскесі ҚазМҰУ аумағының батысындағы эстакадада, Оңтүстік-Шығыс жартылай айналмада орналасады.

Магистральды көшелер мен жолдардың қиылыстарында әртүрлі деңгейлердегі көлік жолайырықтарын салу көзделген. Барлығы 51 жолайырық, соның ішінде 2020 жылға дейін көлік айналымдарында: Үлкен айналмада - 7, Орта айналмада - 11, Кіші айналмада - 7 жолайырық салу, сондай-ақ автосервис нысандарын (автомобильдерге жанармай құю стансаларын автопаркингтерді, гараждарды, автомобильдер қойылатын тұрақтарды, техникалық қызмет көрсету стансаларын) дамыта беру қарастырылған.

Электр көлігі одан әрі дамытылады - Медеу мұз айдынына дейін, Әл-Фараби даңғылы, Саин көшесі бойымен троллейбус маршруттары ашылады, қаланың батыс және орталық бөліктерінде трамвай маршруттары көбейтіледі.

## **5. Инженерлік инфрақұрылымды дамыту**

Сумен жабдықтау

Бас жоспар қаланы сумен жабдықтау жүйесін дамытудың мынадай бағыттарын қарастырады:

су құбырларының өнімділігін тәулігіне 1081 мың м<sup>3</sup> дейін арттыру арқылы оның бұрыннан бар аймақтық жүйесін, шаруашылық-ауыз су, өндірістік және өртке қарсы пайдаланылатын су құбырын сақтау мен дамыта беру;

су тарту құрылыстарын қайта жаңарту және жаңаларын салу есебінен сумен жабдықтау жүйелерінің тиянақтылығы деңгейін көтеру, қаланың резервуарлық паркінің сыйымдылығын ұлғайту, қазіргі су құбыры тораптарын қайта жаңарту және жаңаларын салу;

шағын қабатты үйлер салынған аудандарда (NN 1-6 Шаңырақ, Әйгерім, Ұлжан, Школьник - 1, 2, Дубок, Таугүл-3, Дархан, Қалқаман-2, 3, Думан-1, 2 және т.б.), сондай-ақ қала аумағына өткен кенттерде (Киров, Трудовик, Өжет, Ақбұлақ, Дружба, Қарасу және т.б.), қала құрылысын игерудің жаңа аудандарында (Алғабас кентінің шығыс жағында, Первомайка кентінің батыс жағында, Мамыр тұрғын үйлер ауданында) қазіргі сумен жабдықтау жүйесімен байланыстыра жаңа су өткізгіштер, магистральдық тораптар салу арқылы тұрақты сумен жабдықтауды ұйымдастыру;

қаланы сумен жабдықтаудың қазіргі көздерін (Үлкен Алматы және Кіші Алматы өзендерінің, Алматы және Талғар жерасты суларының көздерін) сақтау және дамыту;

сумен жабдықтаудың жер бетіндегі көздері аймақтарында қоршаған ортаны сауықтыру, суды пайдалану жағдайларын жақсарту есебінен, демек:

суды тазартудың жаңа технологиясына ауыса отырып, бұрыннан бар барлық су өткізгіш стансаларды біртіндеп қайта жаңарту мен жаңғырту есебінен су сапасын жақсарту.

Су бұру тармақтары

Бас жоспарда кәріз жүйесін дамыту бөлігінде:

кәріз жүйесінің сенімді жұмыс істеуін арттыру, толық биологиялық тазарту құрылғыларын дамыту, сарқынды суды жете тазартатын биологиялық тоғандар салу есебінен оның жалпы қуатын тәулігіне 626 мың м<sup>3</sup> дейін жеткізу, Іле өзенінде авариялық ағын су қашыртқысын және қала сыртында 3 коллектор арнасын салу;



кәріз торабын дамыту, жаңа магистральдық коллекторлар салу, ескірген тораптардың орнына жаңаларын салу, су айдайтын жаңа сорғы стансаларын (2 бірлік), қысыммен су айдайтын құбырлар (ұзындығы 37 км), Үлкен Алматы өзені арқылы дюкер (4 км), балық тоғандары арқылы құбыр (1 км) жүргізу;

қалалық кәрізге зиянды заттарды ағызбау мақсатында кәсіпорындардағы технологиялық процестерді жетілдіру есебінен сарқынды суларды тазарту сапасын жақсарту және технологиясын жетілдіру, аэрация стансаларында биологиялық тазартудың жаңа технологияларын енгізу қарастырылған.

#### Жылумен жабдықтау

Бас жоспарда Алматы қаласын жылумен жабдықтау жүйесін дамытудың негізгі бағыттары мыналар:

қазіргі заманғы технологиялар және жабдықтар базасында жылумен жабдықтаудың қалыптасқан жүйелерін жетілдіру, техникалық қосымша жарақтандыру және дамыту;

орталықсыздандырылған жылумен жабдықтау аймағында жекелеген тұтынушыларды жылумен жабдықтау мұқтажы үшін жылу мен электр энергиясының қазіргі заманғы, жоғары сапалы және дәстүрлі емес көздерін енгізу (ол орталықсыздандырылған жылумен жабдықтау аймағындағы жалпы жылу жүктемесінің 10 пайызы).

#### Жылу беру жүйесінде:

АЖЭО-1-дің жабдықтарын негізгі отын ретінде табиғи газды пайдаланатын, қуаты сағатына 1300 Гкал қазіргі заманғы, экологиялық таза жабдықтармен жүйелі ауыстыру;

АЖЭО-2-ні екі энергетика қазанымен және бір турбоагрегатпен кеңейту. АЖЭО-2-де негізгі отын ретінде сапасы жақсартылған көмірді пайдалану ұсынылады. Табиғи газ алмастыратын отын ретінде пайдаланылады, белгіленген қуаты сағатына 1700 Гкал;

АЖЭО-2-ден Батыс жылу беру ауданына дейін жалпы ұзындығы 30 километрдей жаңа жылу магистралын, сорғы-араластырғыш стансасына қоса АЖЭО-2 және АЖЭО-1 түйісетін ұзындығы 13 километр жылу магистральдарын салу, бұрыннан қалыптасқан жылу беру аймағындағы жылу магистральдарын салу және жекелеген учаскелерінде олардың қуатын арттыру;

газбен жұмыс істейтін, жүктелімі жоғары жаңа қазандық салу немесе электр энергиясын пайдалану есебінен Батыс ауданындағы жаңа салынған көп қабатты үйлерді жылу жүктемесімен қамтамасыз ету;

Солтүстік жылу аймағында (Первомайка кентінің батыс жағы) газбен жұмыс істейтін жаңа солтүстік қазандық (ЖСК) салу;

осы заманғы жабдықтарды пайдалану арқылы оңтүстік аудандық қазандықтарды қайта жаңарту, жарақтандыру және дамыту;

осы заманғы технологияларды пайдаланып, арналы төсем-жабынсыз әдісті қолданып, жаңа жылу тораптарын салу және жұмыс істеп тұрғандарын қайта жаңарту.

#### Электр энергиясымен жабдықтау

Бас жоспарда электр энергиясымен жабдықтауды дамытудың екі нұсқасы қаралған.

АЖЭО-1, 2, 3-тің бұрыннан бар негізгі өндірімділігін ескеру арқылы қалалық электр стансаларының электр қуаттарының тоқтап қалуына байланысты төменгі нұсқа.

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен "Электр энергетикасын 2030 жылға дейін дамыту бағдарламасына" және Қазақстан Республикасының энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі 2005 жылға дейінгі шаралар жоспарына сәйкес жоғары нұсқа.

Анықталған қуат тапшылығын мына көздерден: 10-15 жылдық таяу болашақта Екібастұз ГРЭС-інен кезең-кезеңімен өтеуді жүзеге асыру ұсынылады; оны жұмыс істеп тұрған тораптар бойынша 500 МВт-ға дейін, одан әрі тораптардың дамуына қарай 500 кВ - 800 МВт кернеуде алуға болады.

Шалғай болашақ үшін Қазақстанның үш оңтүстік облысының электр энергиясы қуатының тапшылығын өтеу үшін Шығанақ алаңында базалық электр стансасын салу нұсқасы ұсынылады.

Қаланы электр энергиясымен жабдықтау жүйесін дамытудың негізгі бағыттары:

келешекті ескеріп, бұрыннан құрылыстар салынған аймақтағы

электр тораптары мен ғимараттарын қайта жаңарту мен техникалық қосымша жарақтандыру; электр энергиясын тартудың аспалы желілерін кезең-кезеңмен кабельді желілермен ауыстыру;

қуаттың транзиттік тасымалының қалалық тораптар арқылы өтуін азайту есебінен тораптарда шығынды 35-110 кВ-ге кеміту;

жаңадан салынатын үйлерді электр энергиясымен жабдықтау үшін жабық үлгідегі жаңа 110/10 кВ ҚС салу;

220 кВ және жоғары кернеудегі сыртқы жүйе қалыптастырғыш тораптарды дамыту, екі 220/110 кВ ҚС салу және қаланың төңірегінде 220 кВ электр энергиясын тартудың жоғары вольтты желісі белдеуін жасауды аяқтау;

электр энергиясын пайдаланғаны үшін сараланған тарифтерді ендіруге байланысты тұтынудың барлық салаларында электр энергиясын үнемдеу шараларын енгізу.

#### Газбен жабдықтау

Бас жоспарда тұтынушылардың барлық санаттарын толық есепті мерзімге белгіленген толық көлемде табиғи газбен қамтамасыз ету мәселелері шешілуде.

Жобада газбен жабдықтау нысандары мен құрылыстарын орналастыру жөніндегі нормативтік құжаттар талаптарын сақтау арқылы газды болжамды мөлшерде тұтынуды қамтамасыз ету үшін:

өткізгіштік мүмкіндігі тиісінше сағатына 690 мың м<sup>3</sup> және сағатына 550 мың м<sup>3</sup> "ГРС-3" және "ГРС-2А" екі газ тарату стансасын салу;

"ГРС-1" және "ГРС-2-ні" жоғары қысымдағы газ реттеу пункттері жұмысының режиміне ауыстыру үшін оларды қайта жаңарту;

"ЗТК" қазандықтарының "ГРП" және "Орбита" қазандығының "ГРП" екі бас газ реттегіш пункттерін салу;

жаңадан салынып жатқан аудандарда ГРП және ШРП-ны салу және монтаждау;

жобаланып және қайта жаңартылып жатқан аудандар үшін жоғары, орташа және төмен қысымдағы газ құбырларын тарту.

Бас жоспарда газдың жұмсалудың есебі 2 нұсқада орындалған: энергия көздерін толық көлемде пайдалануды ескеру арқылы (1-нұсқа) газдың ең көп жұмсалуды сағатына 1085,0 мың текше метр, АЖЭО-2-нің және солтүстік қазандықтың тұтынуын есепке алмағанда (2 нұсқа) есептік шығын сағатына 785,8 мың текше метр құрайды.

## **6. Бас жоспарды жүзеге асыру және оның мониторингі**

Алматы қаласын дамытудың Бас жоспарын іске асыруды және оның мониторингін Алматы қаласы өкімет билігінің атқарушы органдары қамтамасыз етеді.

Алматы Әкімдігі бас жоспардың іске асырылуы туралы алматылықтарды жүйелі хабарландырып отырады. 2005 жылға дейінгі кезеңге арналған бірінші кезекті қала құрылысы шаралары бағдарламасын іске асыру нәтижелеріне қарай Бас жоспар түзетілуге жатады.

Бас жоспарды түзету әр бес жылда жүргізіледі және келесі есептік кезеңге арналған бірінші кезекті қала құрылысы шаралары бағдарламасын қабылдаудан, қажеттілігіне қарай Алматы қаласының қала құрылысын дамытудың негізгі бағыттары мен Алматы қаласы аумағын қала құрылысы аймақтарына бөлудің бас сұлбаларын түзетуден тұрады.

Алматы қаласы Бас жоспарының  
техникалық-экономикалық көрсеткіштері

-----  
Көрсеткіштер !Өлшем бірлігі! Жылдар бойынша  
!! көрсеткіштер  
!!-----

! !1998 ж. !2005 ж.! 2020 ж.

---

1. Аумақ

1.1. Қала шегіндегі елді мекен жерінің көлемі, барлығы мың га 28,2 31,9 31,9

1. Халық

2.1. Қосылған елді мың адам 1129,3 1180,0 1300,0  
мекендерді қоса есептегенде тұрақты халық саны

2.2. Қала аумағы шегінде га/адам 40,0 41,8 46,1  
халық қоныстануының жиілігі

2.3. Экономикалық мың адам 773,6 857,9 945,1  
тұрғыдан еңбекке қабілетті халық

3. Тұрғын үй құрылысы

1) Тұрғын үй қоры, жал. алаң. 21,12 22,71 27,46  
соның ішінде: млн. м<sup>2</sup>

3.1.1. мемлекеттік қор -//- 0,57 0,89 2,47

3.1.2. жеке меншіктегі қор -//- 20,55 21,82 24,99

3.2. Халықтың жалпы адам/м<sup>2</sup>  
алаңмен орташа қамтамасыз 18,7 19,0 21,0  
етілуі

3.3. Тұрғын үй қорының млн. м<sup>2</sup>  
шығыны, барлық жалпы - 0,02 1,35  
көлемі, соның ішінде:

3.3.1 құрылысты қайта -//- - 0,02 1,30  
жаңартуға байланысты  
ескі үйлерді бұзу

3.4. Жаңа тұрғын үй -//- - 1,60 7,69  
құрылысы, барлық жалпы  
алаңы

4. Әлеуметтік-тұрмыстық мақсаттағы мекемелер

4.1. Мектеп жасына дейінгі балалар

мекемелері, барлығы мың орын 38,7 47,2 72,8

4.2. Жалпы білім мың орын 121,7 137,6 185,1

беретін мекемелер,

барлығы

4.3. Емханалар ауысымына 17,2 21,0 32,5

мың адам

4.4. Ауруханалар мың төсектік 7,35 7,35 15,6

(қалалық) 46,7 64,3 117,0

4.5. Сауда сауда алаңы 36,3 36,3 39,0

кәсіпорындары, барлығы мың м<sup>2</sup>

(әлеуметтік қажетті 6,0 9,3 19,5

минимум)

4.6. Рынок кешендері, сауда алаңы

барлығы

4.7. Қоғамдық мың м<sup>2</sup>

тамақтандыру 1,3 2,3 5,2

кәсіпорындары, барлығы

4.8. Тұрмыстық қызмет отырыстық

көрсету кәсіпорындары, мың орын 11 14 21

барлығы мың жұмыс 37 54 100

4.9. Өрт сөндіру деполары орны

(нысандары)

4.9.1. Өрт сөндіретін дана

автомашиналар саны

5. Көлік және жолдар

5.1. Магистральдық көшелер

мен жолдардың жалпы

ұзындығы, барлығы км 340,6 362,71 503,19

5.2. Көлік жылдам жүретін км - - 93,67

жолдар

5.3. Жалпы қалалық мәні км 170,0 170,0 209,78

бар магистральдар

5.4. Аудандық мәні бар км 170,6 192,71 199,74

магистральдар

6. Инженерлік қамтамасыз

ету

6.1. Сумен қамтамасыз ету

6.1.1. Жиынтық тұтыну

(шығындарды, босқа аққанын тәул/мың м<sup>3</sup> қоса алғанда барлығы), 778,6 977,6 1081,0 соның ішінде:

Халықтың шаруашылық-ауыз тәул/мың м<sup>3</sup> су мұқтаждарына 301,6 302,6 340,2

өнеркәсіптің өндірістік тәул/мың м<sup>3</sup> мұқтаждарына 300,8 352,6 388,2

6.1.2. Су тұтыну тәул/л 300,8 352,6 388,2

1 адамға орта есеппен 689,4 818,5 822,0

тәулігіне, барлығы:

соның ішінде шаруашылық- тәул/мың м<sup>3</sup>

ауыз су мұқтаждарына 267,1 256,5 261,7

6.2. Кәріз (сарқынды 468,4 572,5 625,2

сулардың жалпы төгілуі) жылына/млн.

6.3. Электр энергиясымен кВт 3290,0 3640,0 4560,0

жабдықтау (жиынтық тұтыну)

6.4. Жылумен жабдықтау сағ/Гкал 5868,0 6238,0 7650,0

(жылу көздерінің

белгіленген қуаты, барлығы)

6.5. Газбен жабдықтау жылына/млн. - 679,9 2605,7

(тұтыну, м<sup>3</sup>

барлығы) 551,9 679,9 2605,7

6.5.1. Табиғи газды жылына/млн. 10821,9 - -

тұтыну м<sup>3</sup>

6.5.2. Сұйылтылған газды жылына/тонна

тұтыну

7. Аумақты инженерлік

әзірлеу

7.1. Жауын суы кәрізінің

жалпы ұзындығы км - 110,0 140,0

7.2. Жағаларды бекіту

шаралары км - 8,9 34,2

7.3. Жер асты суларының

деңгейін төмендету мың га - 1,5 6,5

---

Ескерту: жобаны жүйелі түзету барысында Алматы қаласын дамытудың техникалық-экономикалық көрсеткіштері нақтылана түседі.

Ескерту. 6-бөлімге өзгеріс енгізілді, Бас жоспардың схемасы жаңа редакцияда берілді - ҚР Үкіметінің 2004.04.22. N 452 қаулысымен .

Ескерту. Алматы қаласының Бас жоспарын қағаздағы мәтіннен қараңыз.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК